

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 тамыздағы N 797 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 597 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.07.2015 № 597 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.05 N 1150 Қаулысымен.**
2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы N 983 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 33, 311-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы туралы ережеде:  
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сыйлық алуға кандидатураларды ұсынуды орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар, шығармашылық және кәсіптік одақтар, қоғамдық жастар бірлестіктері және қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ұйымдар жүргізеді.

Сыйлық алуға ұсынылған кандидатуралар туралы дұрыс емес ақпарат ұсынылған жағдайда аталған кандидатуралар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру үшін және Комиссия әзірлейтін шешімдер үшін дербес жауапты болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

Комиссия хатшысы Комиссия отырыстарының күн тәртібі жөніндегі

ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және ол өткізілгеннен кейін хаттаманы ресімдейді.

Хатшы жұмыс тобының мүшесі болып табылмайды.

Комиссия мүшелері Комиссия қызметіне алмастыру құқығынсыз қатысады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сыйлық алуға ұсынылған кандидатураларды Комиссия екі кезеңде қарайды. Біріншісінде Комиссия конкурсқа сыйлық алуға қатысу үшін кандидатураларды іріктейді, екіншісінде сыйлық тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша оның барлық мүшелері міндетті түрде қол қоятын хаттама жасалады.";

7-тармақтағы "жасырын" деген сөз алынып тасталсын.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 897 қаулысының екінші тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 30, 418-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 897 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 1256 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 48, 602-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 897 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 наурыздағы N 234 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 12, 132-құжат).

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 22 тамыздағы  
N 797 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
"Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі  
комиссияның құрамы**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.05 N 1150 Қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК